

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ

**Директорлар кеңесінің шешімімен
(№4 хаттама 16 маусым 2021 жылы)**

БЕКІТІЛДІ

**2022 жылғы 14 мамырдағы
өзгерістермен №5 хаттама**

**«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ оқытушы-
профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 2 ден 44

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерді конкурс негізінде қабылдау ЕРЕЖЕСІ (әрі қарай - Ереже) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» заңына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №128 «Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 «Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №122 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы профессор-оқытушылар құрамы үшін ұсынылатын педагогикалық жүктеме мен ең төменгі жалақыны айқындау туралы» бұйрығына және «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ (әрі қарай - Университет) Жарғысына сай дайындалды.

1.2. Ереже оқытушы-профессорлар құрамын (әрі қарай - ОПК), ғылыми қызметкерлерді конкурс негізінде қабылдаудың талаптарын анықтайды.

1.3. Университеттің штаттық кестесінде көрсетілген ОПК лауазымдарына декан, деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі, профессор, профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент), доцент-зерттеуші, аға оқытушы және оқытушы жатады.

1.4. Университеттің штаттық кестесінде көрсетілген ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына ғылыми-зерттеу институтының директоры, ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, бас ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер, тәлімгер-зерттеуші жатады.

1.5. ОПК мен ғылыми қызметкерлерді қабылдау конкурсына жоғары оқу орнынан кейінгі немесе сәйкес бағыттағы жоғары білімі, дәрежесі және/немесе ғылыми атағы; білім беру және/немесе ғылыми мекемелерде ғылыми зерттеулерде және/немесе халықаралық жобаларда еңбек өтілі бар; мүмкіндігінше шет тілін білетін (IELTS 6.0 немесе балама көрсеткіші бар); KР BFM BFCCQEK ұсынған ғылыми басылымдарда, Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus ақпараттық базаларына енетін халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары жарық көрген тұлғалар қатыса алады.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 3 ден 44

1.6. Өнер, мәдениет және спорт саласындағы доцент, профессор лауазымдарына қабылдау конкурсына дәрежесі және ғылыми атағы жоқ, бірақ сәйкес саладағы практикалық жұмыс бойынша қажетті еңбек өтілі бар тұлғалар қатыса алады.

1.7. ҚР Еңбек Кодексінің 52-б. 1-т. 24-тармақшасына сәйкес бос лауазымдарға жарияланған конкурсқа қатысуға зейнет жасына жетпеген тұлғалар құқылы. 1.8. Зейнет жасына жеткен тұлғалар ҚР Еңбек Кодексінің 30-б. 1-т. 2- тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы профессор- оқытушылар құрамы үшін ұсынылатын педагогикалық жүктеме мен ең төменгі жалақыны айқындау туралы» бұйрығының 2-тармағына сәйкес ОПК және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына еңбек келісімшарты бойынша тағайындалады.

2. Конкурс туралы хабарландыру

2.1.ОПК мен ғылыми қызметкерлердің бос орындарына жарияланған конкурс туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде ғаламтор ресурстарында жарияланады.

2.2. Конкурсқа қатысуға үміткерлердің құжаттары хабарландыру жарияланған күннен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде қабылданады.

3. Конкурс комиссиясын қалыптастыру

3.1.Конкурс комиссиясы – алқалық орган әрі келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) Конкурсқа қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- 2) Конкурсқа қатысушылардың арасында ашық бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- 3) Конкурсты өткізу барысында объективтілік пен ашықтықтың сақталуын бақылау;
- 4) Конкурс комиссиясы мәжілістерінің кестесін анықтау;
- 5) Қатысушылардың құжаттарын талдау;
- 6) Конкурс нәтижесі бойынша шешім шығару.

3.2. Конкурс комиссиясы мүшелерінің саны мен құрамы, өкілеттілік мерзімі университет Басқармасының Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.3. Конкурс комиссиясы төмендегідей құрамда болады:

- 1) Конкурс комиссиясының төрағасы – проректор;
- 2) Конкурс комиссиясы төрағасының орынбасары – проректор немесе Университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы;
- 3) Конкурс комиссиясының хатшысы – Адам ресурстарын дамыту департаментінің штаттық қызметкері (дауыс беру құқығы болмайды);

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 4 ден 44

4) Кем дегенде жеті адамнан құралған конкурс комиссиясының мүшелері (штаттық ОПК немесе ғылыми қызметкерлер, декандар және кафедра меңгерушілері, Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және/немесе қызметкерлері).

Конкурс комиссиясының құрамына Университет қызметкерлері кәсіподағының төрағасы мінетті түрде енеді.

Конкурс комиссиясының құрамына мемлекеттік органдардың және өзге ұйымдардың өкілдері (келісім бойынша енуі мүмкін).

3.4. Комиссия мәжілісіне конкурс комиссиясы мүшелерінің орнына өзге тұлғалар қатыса алмайды.

3.5. Конкурс комиссиясының жеке құрамы Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығы негізінде өзгертіледі.

4. Конкурс құжаттарын қабылдау және қарастыру

4.1.Конкурсқа қатысуға ниетті тұлғалар Университет Басқармасының Төрағасы – Ректордың атына өтініш жазады.

4.2. Өтінішке келесі құжаттар қоса тіркеледі:

- 1) Жеке іс парағы және/немесе резюме;
- 2) Білімі, дәрежесі, ғылыми атағы туралы құжаттардың көшірмелері және салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;
- 3) Оқу пәні және/немесе білім беру бағдарламасы бойынша жобаның презентациясы (ОПК бос орнына үміткерлер үшін) немесе ғылыми-зерттеу жұмысының презентациясы (ғылыми қызметкердің бос орнына үміткерлер үшін). Презентация электронды түрде ұсынылады, көлемі 10 слайдтан аспауы тиіс;

4) Даму бағдарламасының жобасы (кафедра меңгерушісі, декан және деканның орынбасары бос орындарына үміткерлер үшін). Презентация электронды түрде ұсынылады, көлемі 5 слайдтан аспауы тиіс;

5) Ғылыми жұмыстары мен өнертабыстарының тізімі (соңғы 3 жылдағы);

6) №075 формасындағы медициналық анықтама, санитарлық кітапша, флюорография;

7) ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметі қамтылға анықтама;

8) Қосымша құжаттар (конкурсқа қатысушы біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты алдыңғы жұмыс орнындағы басшылығынан ұсыныс хат және т.б.

9) (ұсыныс мінездеме немесе факультет Ғылыми кеңесінің қорытындысы түрінде берілуі мүмкін) қосымша ақпарат беруге құқылы);

4.3 Осы тармақта көрсетілген тізімдегі құжаттарды толық ұсынбау конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдаудан бас тартуға негіз болады.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 5 ден 44

5. Конкурсты өткізу тәртібі

5.1. Конкурс келесі сатыларды қамтиды:

1) ОПК мен ғылыми қызметкерлердің бос орындарына үміткерлердің құжаттарын қарастыру(үміткердердің құжаттары әңгімелесу өтетін күннен 3 күн бұрын тиісті ұсыныстар алу мақсатында конкурстық комиссия мүшелерінің қарастыруна беріледі).

2) қажетті жобалар презентациясы (оқу пәні, білім беру бағдарламасы бойынша, ғылыми-зерттеу жобаның және даму бағдарламасының) негізінде қатысушылармен әңгімелесуді өткізу;

3) дауыс беру және конкурс нәтижелерін шығару;

5.2. Конкурс комиссиясының төрағасы:

1) конкурсты өткізу туралы шешім шығарады;

2) конкурс комиссиясы жұмысының кестесін бекітеді.

5.3. Хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдаудың соңғы күніне дейін конкурс комиссияның хатшысына қажетті құжаттарды тапсырған тұлғалар конкурсқа қатысады.

5.4. ОПК мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурс әңгімелесу формасында үміткердің құзыреттіліктерін бағалау және кәсіби жетістіктерін талдау негізінде жүргізіледі.

5.5. Әңгімелесудің мақсаты – осы Ереженің 1-2 қосымшаларына сәйкес ОПК лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына үміткерлердің кәсіби және тұлғалық құзыреттерінің сәйкестілігін бағалау.

5.6. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да еңбек өтілі бар үміткерлердің бағалау кезінде ОПК рейтингісінің нәтижелері, «Оқытушы студенттер көзімен», «Оқытушы әріптестер көзімен», «Таза сессия» әлеуметтік зерттеулерінің және өзге сауалнамалардың нәтижелері ескеріледі.

5.7. Әңгімелесу барысында конкурс комиссиясының мүшелері әр кандидатура бойынша осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес бағалау парақтарын электронды форматта толтырып, бекітілген біліктілік талаптарына үміткерлердің кәсіби біліктіліктерінің сәйкестілігін көрсететін баға қояды.

5.8. Үміткерлердің конкурс баллдары бағалау парақтарындағы баллдардың негізінде автоматты түрде есептеледі. Әр кандидатура бойынша бағалау нәтижелері жеке баяндалады. Комиссияның оң шешімін алған үміткерлердің еңбек келісімшартын жасау туралы Басқарма Төрағасы – Ректорға ұсыныс жасалады.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 6 ден 44

5.9. Конкурс комиссиясы мүшелерінің үштен екі бөлігінен астамы мәжіліске қатысқан кезде конкурс комиссиясының мәжілісі шешім шығаруға құқылы деп есептеледі.

5.10. Талқылау барысы және конкурс комиссиясының төрағасы шешімі хаттамада көрсетіледі, оған конкурс комиссиясының барлық мүшесі және хатшысы қол қояды.

5.11. Комиссияның шешімін конкурс комиссиясының төрағасы бекітеді және конкурс материалдарына қосады. Конкурс комиссиясы әр үміткер бойынша ұсыныс дайындайды және ол еңбек келісімшартын жасауға үміткер ретінде «Басқарма Төрағасы – Ректорға ұсынылады» немесе «Басқарма Төрағасы – Ректорға ұсынылмайды» формасында беріледі.

5.12. Конкурс комиссиясының ерекше пікірі бар мүшелері оны еркін формада жазбаша құжат түрінде жеткізеді. Аталмыш құжат хаттамаға тіркеледі.

5.13. Конкурс нәтижесі бойынша бос лауазымға кандидаттар анықталмаған жағдайда бос лауазымға конкурс өтпеген болып есептеледі.

5.14. Комиссия хатшысы конкурс нәтижесі туралы қатысушыларға хабарлайды.

5.15. Конкурс комиссиясы төрағасының шешімі бойынша конкурс онлайн немесе оффлайн форматта өткізілуі мүмкін. Конкурс комиссиясының мәжілісіне кем дегенде 24 сағат қалғанда конкурсқа қатысушыларға өткізу форматы туралы ақпарат беріледі.

5.16. Комиссия мәжілісінің барысы аудио және бейнежазбаға түсіріледі.

5.17. Конкурс барысында комиссия мүшелеріне кандидаттармен дауласуға, кандидат туралы ойымен және/немесе өз тәжірибесімен бөлісуге, әңгімелесуге және мүдделер қақтығысын жоюға кедергі келтіретін әрекеттерге баруға тыйым салынады.

5.18. Жоғарғы оқу орындарының оқытушы-профессорларын және ғылыми қызметкерлерін қабылдау конкурсының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасына сәйкес еңбек келісімшарты жасалады.

5.19. Еңбек келісімшартына күнтізбелік жылдың 25 тамызынан кешіктірмей қол қойылады.

5.20. Еңбек келісімшартының нормаларына анықталған міндеттерін (9.7-т.) жұмысшы орындамаған жағдайда еңбек келісімшарты мерзімнен бұрын бұзылуы мүмкін.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 7 ден 44

6. Шағымдану тәртібі

6.1.Конкурсқа қатысушылар Университет Басқармасының Төрағасы – Ректордың атына өтініш беру арқылы конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

6.2. ҚР Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес еңбек даулары Еңбек бойынша комиссиясының мәжілісінде қарастырылады және оның орындалуы Ұжымдық келісімшарт негізінде бақыланады.

7. Қорытынды ережелер

7.1.Осы ереже Университетті басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған құқықты жүзеге асырушы және құқық қолданушы мәні бар акт болып табылады.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 8 ден 44

1-қосымша

І. ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР ҚҰРАМЫ ЛАУАЗЫМДАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ

1. Факультет деканы

Лауазымдық міндеттері:

1.1. Университеттің даму стратегиясына сәйкес стратегиялық жоспарлауды, факультетті (мектепті) әкімшілік тұрғыда басқару мен тиімді қызметті ұйымдастыруды жүзеге асырады..

1.2. Білім беру бағдарламаларының басым бағыттарын айқындайды, білім беру, ғылым және инновацияның бірігуін (шоғырлануын) қамтамасыз етіп, ғылыми мектептердің дамуына жағдай жасайды.

1.3. Факультеттің (мектептің) академиялық саясаты мен ғылыми кадрларды дайындау стратегиясын әзірлеу мен жүзеге асыруды үйлестіреді. Факультеттің (мектептің) ОПҚ мен ғылыми қызметкерлерінің халықаралық ғылыми және кәсіби қауымдастыққа бірігуіне (шоғырлануына) жағдай жасайды.

1.4. Факультеттің (мектептің) ғылыми бағыттары бойынша зерттеу қызметін жүзеге асыру аясында гранттық өтініштерді дайындаудың, бюджеттен тыс қаржыны жұмылдырудың басымдықтарын анықтайды. ОПҚ мен ғылыми қызметкерлердің Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуы үшін басым маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға қатысуына ықпал етеді. Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруды қамтамасыз етеді.

1.5. Мамандар дайындаудың және ғылыми зерттеулердің жоғары сапасын, университеттің жалпы білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін ғылыми-білім беру отасын қалыптастыру мақсатында отандық және шетелдік ұйымдармен стратегиялық ынтымақтастықты дамытады.

1.6. Білім алушылар контингентін қалыптастыру үдерісін үйлестіреді, кәсіби бағдар беру жұмысын және түлектерді жұмысқа орналастыруды ұйымдастырады.

1.7. білім беру бағдарламаларын жобалауға және сараптауға, оқу үдерісін жүзеге асыруға, кәсіби практикаларды ұйымдастыруға, түлектердің жұмысқа орналасуына стейкхолдерлердің қатысуын қамтамасыз етеді.

1.8. Оқытушы-профессорлар құрамын, оқу-көмекші персоналды таңдау мен жұмысқа қабылдау, сонымен қатар оларды аттестаттау және біліктіліктерін арттыру істеріне қатысу арқылы факультеттің (мектептің) кадрлық, зерттеу және ұйымдастыру әлеуетін қалыптастырады әрі дамытады.

1.9. Академиялық мәселелер бойынша факультеттің (мектептің) алқалық органдарының, комиссияларының және авторлық ұжымдарының жұмыстарын ұйымдастырады. Университеттің алқалық органдарында,

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 9 ден 44

сондай-ақ академиялық және академиялық емес сектормен өзара әрекеттесу кезінде факультеттің (мектептің) ұстанымымен таныстырады.

1.10. Университет басшылығымен келіс отырып, оқу үдерісін және факультет (мектеп) қызметінің өзге бағыттарын ұйымдастыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін реттейді.

1.11. Университеттің купиялық саясатын сақтау және жеке деректерін қорғау бойынша талаптарын сақтайды.

1.12. Жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 13, 14 және 15 - баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

1.13. Жұмыстан шығу немесе өзге лауазымға ауысу кезінде акт негізінде қағаз және электронды тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстағы өзі жауапты барлық мүлікті факультеттің материалды-жауапты тұлғаларына тапсырады.

1.14. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтардың талаптарын орындайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», мемлекеттік және аймақтық даму бағдарламалары; Болон үдерісінің құжаттары; Университет жарғысы, Университеттің академиялық саясаты мен даму стратегиясы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ғылым мен білім беру жүйесінің қызмет ету және даму мәселелерін реттейтін өзге нормативтік құқықтық актілер, ішкі тәртіп ережелері, Университеттің корпоративтік мәдениет кодексі.

Біліктілік талаптары: жоғары оқу орнынан кейінгі, жоғары білім, дәреженің, ғылыми атақтың болуы, білім беру мекемелеріндегі жетекші лауазымдарда немесе мамандығы бойынша кем дегенде 5 жыл еңбек өтілі. Шет тілін кем дегенде B2 деңгейінде білген тұлғаларға басымдық беріледі. Компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау дағдылары. Бағдарламалық құжаттарды және жобаларды, білім беру бағдарламаларын әзірлеу білігі. Фандрайзинг және коммерциализация дағдылары. Жоғары аналитикалық қабілеттері. Ұжымда сенімгерлік және тиімді іскери қарым-қатынастар қалыптастыру қабілеті.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 10 ден 44

2. Факультет деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Лауазымдық міндеттері:

2.1. Факультеттегі (мектептегі) оқу, оқу-әдістемелік және тәрбие қызметінің негізгі үдерістерін ұйымдастыру арқылы Академиялық саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

2.2. Факультет (мектеп) кафедраларының білім беру бағдарламаларының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, кәсіби стандарттарға және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қызмет етуін үйлестіреді.

2.3. Білім алушыларды факультеттің (мектептің) білім беру бағдарламаларының пәндеріне тіркеуді; білім алушылардың жеке оқу жоспарларын және ОПК педагогикалық жүктемесін қалыптастырып, дайындауды ұйымдастырады.

2.4. Сабақтық, аралық және қорытынды аттестаттау кестесінің дайындалуын қамтамасыз етеді; факультеттің (мектептің) аттестациялық, емтихан және апелляциялық комиссияларының жұмысын ұйымдастырады.

2.5. Білім алушыларды академиялық саясаттың талаптары бойынша ақпараттандыруды ұйымдастырады, эдвайзерлердің жұмысына жетекшілік етеді. Оқу және тәрбие жұмыстарының мәселелері бойынша студенттік топтарға, жатақханаларға үнемі барып тұрады.

2.6. Жастар саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және студенттік білім беру және зерттеу жобалары мен бастамаларын дайындау ісін үйлестіреді, студенттік ынтымақтастықты дамытып, дискуссиялық платформалар құрады.

2.7. Факультеттің (мектептің) оқу, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының негізгі үдерістерін ұйымдастыру мәселелері бойынша Университеттің курылымдық білімшелерінің басшыларымен бірлесіп жұмыс жүргізеді.

2.8. ОПК мен ғылыми қызметкерлердің функционалдық міндеттерін, Ішкі тәртіп ережесін, Қызметтік этика кодексін және Университеттің өзге ішкі нормативтік актілерін орындауын үйлестіреді.

2.9. Талапкерлерге кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады және түлектерді жұмысқа орналастыру үдерісін үйлестіреді.

2.10. Университеттің купиялық саясатын сақтау және жеке деректерін қорғау бойынша талаптарын орындайды.

2.11. Жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 13, 14 және 15 - баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 11 ден 44

2.12. Жұмыстан шығу немесе өзге лауазымға ауысу кезінде акт негізінде қағаз және электронды тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстағы өзі жауапты барлық мүлікті факультеттің материалды-жауапты тұлғаларына тапсырады, мүдделердің қақтығысына әкелуі мүмкін жеке қызығушылыққа жол бермейді.

2.13. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтардың талаптарын орындайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», мемлекеттік және аймақтық даму бағдарламалары; Болон үдерісінің құжаттары; Университет жарғысы, Университеттің академиялық саясаты мен даму стратегиясы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ғылым мен білім беру жүйесінің қызмет ету және даму мәселелерін реттейтін өзге нормативтік құқықтық актілер, ішкі тәртіп ережелері, Университеттің корпоративтік мәдениет кодексі.

Біліктілік талаптары: жоғары оқу орнынан кейінгі білім, жоғары білім, дәрежесі бар тұлғаларға басымдық беріледі, білім беру мекемелерінде немесе мамандығы бойынша кем дегенде 3 жыл еңбек өтілі. Шет тілін кем дегенде B2 деңгейінде білген тұлғаларға басымдық беріледі. Компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау дағдылары. Аналитикалық және анықтамалық сипаттағы ақпаратты дайындау білігі. Ұжымда сенімгерлік және тиімді іскери қарым-қатынастар қалыптастыру қабілеті. Дамыған коммуникативтік дағдылары. Жекелеген білім алушылардың және топтардың білім беруге байланысты қажеттіліктерін талдау қабілеті. Ұйымдастыру қабілеті. Логикалық ойлау жүйесі және көрегендік.

2.2. Факультет деканының ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары

2.2.1. ОПК, ғылыми қызметкерлердің ғылыми-зерттеу, соның ішінде Scopus және Web of Science халықаралық деректер базасында индекстелетін рейтингілік журналдардағы жарияланым белсенділігі бойынша жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді.

2.2.2. ОПК, ғылыми қызметкерлердің, факультет білім алушыларының халықаралық және республикалық гранттық, бағдарламалық-мақсаттық және өзге ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыру конкурстарына; ҚР БҒМ конкурстарына, мемлекеттік және атаулы сыйлықтардың, мемлекеттік ғылыми шәкіртақылардың конкурстарына; халықаралық, мемлекеттік және жеке ұйымдар мен қорлар ұсынатын зерттеу гранттарына, трэвэл гранттарға қатысуын қамтамасыз етеді.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 12 ден 44

2.2.3 Әлемнің дамыған елдеріндегі ғылыми-инновациялық қызметті басқарудың озық тәжірибесі мен моделін зерттеу және талдау бойынша жұмысты ұйымдастырады, ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық коллаборация бойынша ұсыныстар жасайды.

2.2.4. Өз өкілеттіліктері аясында ғылыми-инновациялық қызмет пен халықаралық ынтымақтастық бойынша факультеттің мүддесін білдіреді.

2.2.5 Университеттің ғылыми-техникалық дамуының басым бағыттарына сәйкес факультеттің (мектептің) ғылыми-инновациялық дамуы, халықаралық коллаборациясы бойынша ұсыныстар жасайды.

2.2.6 Ақылы негізде ғылыми-зерттеу және шаруашылық-келісімшарт жұмыстарын орындауға білім алушыларды жұмылдыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және бақылауды жүзеге асырады

2.2.7. Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет өнімдерін коммерцияландыруды ұйымдастырады және экономиканың шынайы секторы және бизнеспен байланыс орнату бойынша жұмыстарды үйлестіреді.

2.2.8. ОПК және факультет (мектеп) кафедраларының индикативтік жоспардағы ғылыми-инновациялық қызметінің жоспарлы көрсеткіштерін дайындау, бекіту және фактілік көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастырады.

2.2.9. Факультеттің (мектептің) ғылыми журналдарының ғылыми сапасына және Scopus, Web of Science, DOAJ және өзге халықаралық және мамандандырылған деректер базасына, сонымен қатар факультетте немесе факультет жанындағы құрылымдық бөлімшелерде шығатын ғылыми журналдардың редакциялық алқа мүшелерінің Жарияланым этикасы бойынша комитетке (COPE) және өзге органдарға ену үдерісіне мониторинг жүргізеді.

2.2.10. Университеттің құпиялық саясатын сақтау және жеке деректерін қорғау бойынша талаптарын орындайды.

2.2.11. Жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 13, 14 және 15-баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

2.2.12. Жұмыстан шығу немесе өзге лауазымға ауысу кезінде акт негізінде қағаз және электронды тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстағы өзі жауапты барлық мүлікті факультеттің материалды-жауапты тұлғаларына тапсырады, мүдделердің қақтығысына әкелуі мүмкін жеке қызығушылыққа жол бермейді.

2.2.13. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтардың талаптарын орындайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 13 ден 44

туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», мемлекеттік және аймақтық даму бағдарламалары; Болон үдерісінің құжаттары; Университет жарғысы, Университеттің академиялық саясаты мен даму стратегиясы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ғылым мен білім беру жүйесінің қызмет ету және даму мәселелерін реттейтін өзге нормативтік құқықтық актілер, ішкі тәртіп ережелері, Университеттің корпоративтік мәдениет кодексі.

Біліктілік талаптары: жоғары оқу орнынан кейінгі, жоғары білім, дәрежесі бар тұлғаларға басымдылық беріледі, білім беру мекемелерінде немесе мамандығы бойынша кем дегенде 3 жыл еңбек өтілі. Шет тілін кем дегенде B2 деңгейінде білген тұлғаларға басымдық беріледі. Компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау дағдылары. Аналитикалық және анықтамалық сипаттағы ақпаратты дайындау білігі. Ұжымда сенімгерлік және тиімді іскери қарым-қатынастар қалыптастыру қабілеті. Дамыған коммуникативтік дағдылары. Жекелеген білім алушылардың және топтардың қажеттіліктерін талдау қабілеті. Ұйымдастыру қабілеті. Логикалық ойлау ж.йесі және көрегендік.

3. Кафедра меңгерушісі

3.1 Университеттің даму стратегиясына сәйкес стратегиялық жоспарлауды, тиімді қызметті ұйымдастыруды және кафедраны әкімшілік басқаруды жүзеге асырады.

3.2. Факультеттің (мектептің) академиялық саясаты мен ғылыми мамандарды даярлау стратегиясын үйлестіреді. Кафедраның ОПҚ мен ғылыми қызметкерлерінің халықаралық ғылыми және кәсіби қауымдастықтармен бірлесіп жұмыс істеуіне ықпал етеді.

3.3. Білім беру бағдарламаларын басым бағыттарын айқындайды, білім, ғылым және инновациялардың бірлесуін қамтамасыз етеді және кафедраның бағытына сәйкес ғылыми мектептердің дамуына ықпал етеді.

3.4. Ұлттық біліктілік шеңберіне (ҰБШ), салалық біліктілік шеңберіне (СБШ), кәсіптік стандарттарға (КС) сәйкес және Дублин дескрипторларына және Еуропалық біліктілік шеңберіне, халықаралық стандарттарға, Университеттің миссиясына, стратегиясына сәйкес инновациялық білім беру бағдарламаларын жоспарлайды және дайындайды.

3.5. Еңбек нарығы конъюнктурасының өзгеруіне мониторингті ұйымдастырады және оқыту нәтижелерінің еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыратын талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру бағдарламаларын жобалау үшін нақты салалардың даму перспективаларын бағалайды.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 14 ден 44

3.6. Факультет түлектерін практикаға бағытталған стратегияны іске асырады және оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын және студентке бағытталған оқытудың инновациялық технологияларын пайдалануды іске асырады.

3.7. Білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің сапасын бағалайды, шынайы фактілерге сүйене отырып, білім беру бағдарламаларының тиімділік сапасына ішкі бағалау жүргізеді.

3.8. Гранттық тапсырыстарды дайындау басымдықтарын анықтап, бастама жасайды, кафедраның ғылыми-зерттеу бағыттарына сәйкес республикалық және халықаралық конкурстарға қатысу үшін бюджеттен тыс қаржылар тартуды қамтамасыз етеді. ОПҚ мен ғылыми қызметкерлердің Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуы үшін басым маңызы бар жобаларды іске асыруға қатысуына ықпал етеді және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруды қамтамасыз етеді.

3.9. Орта және ұзақ мерзімді перспективада білім алушылар контингентін қалыптастыру процесін болжайды, кәсіптік бағдарлау жұмысын және кафедра бейіні бойынша түлектерді жұмысқа орналастыруды ұйымдастырады.

3.10. Білім беру бағдарламаларын жобалау мен сараптауға, оқу үдерісін жүзеге асыруға, кәсіби практикаларды ұйымдастыруға, кафедра бағыты бойынша түлектерді жұмысқа орналастыруға стейкхолдерлермен өзара байланыс орнықтырады.

3.11. білім беру бағдарламаларын білікті ОПҚ-мен, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстармен, практика базаларымен жабдықтылып жүзеге асырылуын және түлектердің кафедра бағытына сәйкес жұмысқа орналасуын қамтамасыз етеді.

3.12. Кафедраның кадрлық, зерттеу және ұйымдастырушылық әлеуетін дамытуға қатысады. Кафедра ОПҚ-сының академиялық, ғылыми және қоғамдық қызметінің нәтижелілігін арттыруды қамтамасыз етеді. Оқытудың инновациялық әдістерін енгізу және оқыту нәтижелерін бағалау үшін ОПҚ-ның кәсіби оқуы мен біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

3.13. Кафедра ОПҚ-сының академиялық қызмет мәселелеріне қатысты алқалық органдарының, комиссияларының және факультеттің (мектептің) авторлық ұжымдарының жұмысына араласуын қамтамасыз етеді. Факультеттің (мектептің) және университеттің алқалы органдарында, сондай-ақ академиялық және академиялық емес сектормен байланысында кафедраның мүддесін білдіреді.

3.14. Мамандарды даярлау сапасының кафедраішілік жүйесін дайындайды. Оқытудың барлық формасы бойынша сабақ түрлерін жүргізуді ұйымдастырады.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 15 ден 44

3.15. Білім алушылардан, түлектерден, сыртқы стейкхолдерлердің кері байланысын және оларды кафедра бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын жаңғыртуға тартуды қамтамасыз етеді.

3.16. Университеттің құпиялылық саясатын сақтау және жеке деректерін қорғау бойынша талаптарын орындайды.

3.17. Жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 13, 14 және 15-баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

3.18. Жұмыстан шығу немесе басқа лауазымға ауысқан кезде акт негізінде қағаз, қағаз электрондық тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстағы өзі жауапты барлық мүлікті факультеттің материалдық жауапты тұлғаларына тапсырады., мүдделердің қақтығысына әкелуі мүмкін жеке қызығушылыққа жол бермейді.

3.19. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтың талаптарын орындайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», мемлекеттік және аймақтық даму бағдарламалары; Болон үдерісінің құжаттары; Университет жарғысы, Университеттің академиялық саясаты мен даму стратегиясы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ғылым мен білім беру жүйесінің қызмет ету және даму мәселелерін реттейтін өзге нормативтік құқықтық актілер.

Біліктілік талаптары: жоғары оқу орнынан кейінгі, жоғары білімнің, дәреженің, ғылыми атақтың болуы, білім беру мекемелеріндегі жетекші лауазымдарда немесе мамандығы бойынша кем дегенде 5 жыл еңбек өтілі. Шет тілін кем дегенде B2 деңгейінде білген тұлғаларға басымдық беріледі. Компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау дағдылары. Бағдарламалық құжаттарды және жобаларды, білім беру бағдарламаларын әзірлеу білігі. Фандрайзинг және коммерциализация дағдылары. Жоғары аналитикалық қабілеттері. Ұжымда сенімгерлік және тиімді іскери қарым-қатынастар қалыптастыру қабілеті.

4. Профессор

Лауазымдық міндеттері:

4.1. Факультеттің (мектептің) білім беру бағдарламаларының

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 16 ден 44

ерекшеліктерін ескеріп, білім беру бағдарламаларын, жаңа оқу пәндерін дайындауға қатысады; оқу материалының кәсіби бағыттылығын қамтамасыз етеді.

4.2. Университеттің бекітілген нормативтері мен Академиялық саясатына сәйкес, оқытатын пәні (пәндері) және/немесе сабақтың жеке түрлері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмысты атқарады. Кадрларды күзіндеттілік тұрғысынан дайындауды жүзеге асыру үшін білім алушылардың жеке қабілеттерін тіркеуді қамтамасыз етеді.

4.3. Пәнаралық зерттеу мәселелерін анықтайды және ғылыми зерттеулердің заманауи әдіснамалық дамуы мен өзекті ғылыми бағыттарды ескере отырып, зерттеулердің бағдарламалары мен жобаларын дайындайды.

4.4. Университеттің, факультеттің (мектептің) Академиялық саясаты мен ғылыми мамандарды дайындау стратегиясына сәйкес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамудың ағымдағы келешек үрдістерін ескере отырып ғылыми зерттеу жүргізуді және оларды болашақта коммерцияландыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

4.5. Аймақтық және халықаралық деңгейдегі коллаборация, ғылыми және кәсіби қауымдастықтардың мүшесі болу арқылы білім беру және ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысады.

4.6. Жетекші автор ретінде ғылыми зерттеулердің нәтижелерін цитаталану индексі жоғары журналдарда жариялайды, ғылыми семинарлар өткізеді және Университет пен факультеттің (мектептің) ғылыми конференцияларын дайындауға әрі өткізуге қатысады.

4.7. Өзге зерттеушілердің бағыттаушысы және өз зерттеу саласының новаторы ретінде оқыту мен ғылыми зерттеу бағыттары бойынша кәсіби дамытуды қамтамасыз етеді.

4.8. Кафедраның білім беру қызметі мен білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу пәндері бойынша оқыту әдістері мен формаларын және оқыту нәтижелерін бағалауға қатысты инновациялық стратегияларды қолданысқа енгізеді.

4.9. Кафедраның, факультеттің (мектептің), Университеттің білім беру бағдарламаларының оқу пәндері бойынша оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар дайындау ісіне жетекшілік жасайды.

4.10. Бекітілген нормативтер мен Университеттің Академиялық саясатына сәйкес, білім алушылардың бітіру жұмыстарына ғылыми жетекшілік етеді және педагогикалық қызметті (сабақ жүргізу, практикаға жетекшілік ету және т.б.) жүзеге асырады.

4.11. Оқытылатын пәндер бойынша білім беру бағдарламасы мен пәнді оқытудың күтілетін нәтижелеріне бағытталған оқу-әдістемелік кешендерді дайындайды.

4.12. Оқу үдерісінің материалдық-техникалық базасын күшейту, дамыту және қамтамасыз ету мен жетілдіру, оқу бөлімдері мен зертханаларды жабдықтау бойынша шараларды дайындауға және жүзеге асыруға белсенді

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 17 ден 44

қатысады.

4.13. Университеттің құпиялық саясатын сақтау және жеке деректерін қорғау бойынша талаптарын орындайды.

4.14. Жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 13, 14 және 15-баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

4.15. Жұмыстан шығу немесе өзге лауазымға ауысу кезінде акт негізінде қағаз және электронды тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстағы өзі жауапты барлық мүлікті факультеттің материалды-жауапты тұлғаларына тапсырады, мүдделердің қақтығысына әкелуі мүмкін жеке қызығушылыққа жол бермейді.

4.16. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтардың талаптарын орындайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», мемлекеттік және аймақтық даму бағдарламалары; Болон үдерісінің құжаттары; Білім сапасын кепілдендірудің еуропалық стандарттары; Университет жарғысы, Университеттің академиялық саясат мен даму стратегиясы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ғылым мен білім беру жүйесінің қызмет ету және даму мәселелерін реттейтін өзге нормативтік құқықтық актілер.

Біліктілік талаптары: жоғары оқу орнынан кейінгі білім, жоғары білім, дәреженің, ғылыми атақтың болуы, білім беру мекемелеріндегі жетекші лауазымдарда немесе мамандығы бойынша кем дегенде 5 жыл еңбек өтілі. Шет тілін кем дегенде B2 деңгейінде білген тұлғаларға басымдық беріледі. Компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау дағдылары. Бағдарламалық құжаттарды және жобаларды, білім беру бағдарламаларын әзірлеу білігі. Фандрайзинг және коммерцияландыру дағдылары. Жоғары аналитикалық қабілеттері. Ұжымда сенімгерлік және тиімді іскери қарым-қатынастар қалыптастыру қабілеті. Отандық және халықаралық зерттеу мекемелерінде еңбек өтілі. Жүргізетін пәндерінің бағыты бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілікті арттыру сертификаттары.

5. Профессор-зерттеуші

Лауазымдық міндеттері:

5.1. Кафедрада ғылыми-зерттеу мектептерін қалыптастырады және дамытады. Нақты зерттеу/ғылыми саланы дамытудың стратегиялық бағдарламасын дайындайды және зерттеу топтарына немесе салалық ғылыми-

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 18 ден 44

зерттеу зертханаларына жетекшілік етеді.

5.2. Пәнаралық зерттеу мәселелерін айқындайды және ғылыми зерттеу нәтижелерін, заманауи ғылыми зерттеу әдістемелерінің дамуын және өзекті ғылыми бағыттарды ескеріп, білім беру бағдарламалары мен оқу пәндерін дайындауға қатысады.

5.3. Университеттің бекітілген нормативтері мен Академиялық саясатына сәйкес, оқытатын пәні (пәндері) және/немесе сабақтың жеке түрлері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмысты атқарады. Кадрларды құзіреттілік тұрғысынан дайындауды жүзеге асыру үшін білім алушылардың жеке қабілеттерін тіркеуді қамтамасыз етеді.

5.4. Кафедраның зерттеу бағыттары бойынша зерттеу қызметі аясында бюджеттен тыс қаржыларға қол жеткізу үшін гранттық тапсырыстардың басым бағыттарын айқындап, республикалық және халықаралық конкурстарға (XFTO, EO, Дүниежүзілік банк, АЭБХА, НАТО, Ньютон-аль-Фараби және SCIVAL FUNDING және өзге де халықаралық ұйымдар мен қорлар қаржыландыратын басқа да халықаралық; ғылыми жобалар) қатысу туралы бастама жасайды.

5.5. Университеттің, факультеттің (мектептің) академиялық саясаты мен ғылыми мамандарды дайындау стратегиясына сәйкес іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді; ғылыми зерттеу нәтижелерін әлемдік басылымдарға (Scopus базасындағы монографиялар, Scopus базасында индекстелетін халықаралық конференциялардың материалдарында (Proceedings) жариялап, талқылаудан өткізеді, ғылыми зертеу нәтижеерін коммерцияландыруды қамтамасыз етеді.

5.6. Scopus деректері базасында индекстелетін және процентильті 50-ден кем емес және/немесе Web of Science базасына енгізілетінін екінші квартильден кем емес (Q2) журналдарда ҚазҰУ-ды (Al-Farabi Kazakh National Univeristy) міндетті түрде аффилиация ретінде көрсете отырып, ғылыми зерттеулердің нәтижелерінің жариялануын қамтамасыз етеді (жаратылыстану-техникалық бағыттағы факультеттер үшін жылына кем дегенде 2 мақала, әлеуметтік - гуманитарлық бағыттағы факультеттер үшін кем дегенде 1 мақала). Әл-Фараби ҚазҰУ Хабаршыларының серияларында басып шығару үшін ағылшын тілінде мақала (жылына кем дегенде 2 мақала) дайындауды қамтамасыз етеді.

5.7. Ғылыми зертеулердің нәтижелерін оқу үдерісіне интеграциялауды ұйымдастырады, оқу пәндерінің мазмұндық контентін пәнаралық және заманауи әдіснама негізінде ғылым мен технологияның, өндірістің заманауи жетістіктеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді. Білім беру бағарламаларының базалық пәндері бойынша инновациялық оқулықтар дайындайды.

5.8. Ғылыми зерттеулерінің бағыты бойынша Университеттің халықаралық ғылыми өкілі ретінде танылады, ғылыми сараптамалар жасайды, аймақтық және халықаралық деңгейдегі коллаборация арқылы зерттеу жобаларын дайындауға қатысады және кәсіби қауымдастықтардың мүшесі

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 19 ден 44

болып табылады.

5.9. Оқыту және зерттеу бағыттары бойынша кәсіби дамуды қамтамасыз етеді және өзге зерттеушілерге белгілі бір зерттеу саласының новаторы ретінде тәлімгер рөлін атқарады.

5.10. Кафедраның білім беру қызметі мен білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу пәндері бойынша оқыту әдістері мен формаларын және оқыту нәтижелерін бағалауға қатысты инновациялық стратегияларды қолданысқа енгізіп, кәсіби дамуды қамтамалсыз етеді.

5.11. Кафедра, факультеттің (мектептің), Университеттің білім беру бағдарламаларының оқу пәндері бойынша оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар дайындау ісіне жетекшілік жасайды.

5.12. Бекітілген нормативтер мен Университеттің Академиялық саясатына сәйкес, білім алушылардың бітіру жұмыстарына ғылыми жетекшілік етеді және педагогикалық қызметті (сабақ жүргізу, практикаға жетекшілік ету және т. б.) жүзеге асырады.

5.13. Университеттің құпиялық саясатын сақтау және деректерін қорғау бойынша талаптарын орындайды.

5.14. Жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 13, 14 және 15-баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

5.15. Жұмыстан шығу немесе өзге лауазымға ауысу кезінде акт негізінде қағаз және электронды тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстады өзі жауапты барлық мүлікті факультеттің материалды-жауапты тұлғаларына тапсырады, мүддерлердің қақтығысына әкелуі мүмкін және жеке қызығушылыққа жол бермейді.

5.16. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтардың талаптарын орындайды.

Білу тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», мемлекеттік және аймақтық даму бағдарламалары; Болон үдерісінің құжаттары; Білім сапасын кепілдендірудің еуропалық стандарттары; Университет жарғысы, Университеттің академиялық саясат мен даму стратегиясы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ғылым мен білім беру жүйесінің қызмет ету және даму мәселелерін реттейтін өзге нормативтік құқықтық актілер.

Біліктілік талаптары: ғылым докторы немесе кандидаты дәрежесі немесе PhD докторы және профессор, доцент немесе қауымдастырылған профессор ғылыми атағы, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметте кем дегенде 10 жыл еңбек өтілі, Хирш индексі (жаратылыстану-техникалық

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 20 ден 44

бағыттағы ғалымдар үшін өз-өзін цитаталауды ескермегенде 8 және одан жоғары, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғалымдар үшін өз-өзін цитаталауды ескермегенде 3 және одан жоғары); ғылым мен техниканың нақты саласындағы академиялық қауымдастық тарапынан мойындалуы; жаңа ғылыми бағыттар қалыптастыру және университеттің белгілі шетелдік ғылыми-зерттеу ұйымдарымен және орталықтарымен қарым-қатынасын нығайту қабілеті; Scopus және (немесе) Web of Science деректер базасында индекстелетін халықаралық журналдардағы соңғы 5 (бес) жылдағы ғылыми жарияланымдарымен, ғылыми жобалармен және ғылыми кадрларды дайындау тәжірибесімен дәлелденетін белсенді зерттеу қызметінің өтілі. Шет тілін кем дегенде C1 деңгейінде білетін тұлғаларға басымдық беріледі. Бағдарламалық құжаттар мен ғылыми зерттеулер жобаларын, инновациялық білім беру бағдарламаларын дайындау білігі. Фандрайзинг және коммерцияландыру дағдылары.

6. Қауымдастырылған профессор (доцент)

Лауазымдық міндеттері:

6.1. Факультеттің (мектептің) білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескеріп, білім беру бағдарламаларын, жаңа оқу пәндерін дайындауға қатысады; оқу материалының кәсіби бағыттылығын қамтамасыз етеді.

6.2. Университеттің бекітілген нормативтері мен Академиялық саясатына сәйкес, оқытатын пәні (пәндері) және немесе сабақтың жеке түрлері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмысты атқарады. Кадрларды құзіреттілік тұрғысынан дайындауды жүзеге асыру үшін білім алушылардың жеке қабілеттерін тіркеуді қамтамасыз етеді.

6.3. Пәнаралық ғылыми мәселелерді зерттеуге және ғылыми зерттеулердің заманауи әдіснамалық дамуы мен өзекті ғылыми бағыттарды ескере отырып, ғылыми зерттеулердің бағдарламалары мен жобаларын дайындауға қатысады.

6.4. Университеттің, факультеттің (мектептің) Академиялық саясаты мен ғылыми мамандарды дайындау стратегиясына сәйкес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамудың ағымдағы келешек үрдістерін ескере отырып ғылыми зерттеу жүргізуді және оларды болашақта коммерцияландыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

6.5. Аймақтық және халықаралық деңгейдегі коллаборация, ғылыми және кәсіби қауымдастықтардың мүшесі болу арқылы зерттеу және даму бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысады.

6.6. Жетекші автор ретінде ғылыми зерттеулердің нәтижелерін цитаталану индексі жоғары журналдарда жариялайды, ғылыми семинарлар өткізеді және Университет пен факультеттің (мектептің) ғылыми конференцияларын дайындауға әрі өткізуге қатысады.

6.7. Кафедраның білім беру қызметін ескере отырып, оқыту

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 21 ден 44

бағыттарына сәйкес кәсіби даму және зерттеуді қамтамасыз етеді және инновациялық стратегиялар, оқыту формалары мен әдістері, оқу пәндері және оқыту бағдарламалары бойынша нәтижелерді бағалауды енгізеді.

6.8. Факультеттің (мектептің), Университеттің білім беру бағдарламаларының оқу пәндері бойынша оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар дайындауға қатысады.

6.9. Бекітілген нормативтер мен Университеттің Академиялық саясатына сәйкес, білім алушылардың бітіру жұмыстарына ғылыми жетекшілік етеді және педагогикалық қызметті (сабақ жүргізу, практикаға жетекшілік ету және т.б.) жүзеге асырады.

6.10. Оқытылатын пәндер бойынша білім беру бағдарламасы мен пәнді оқытудың күтілетін нәтижелеріне бағытталған оқу-әдістемелік кешендерді дайындайды.

6.11. Оқу үдерісінің материалдық-техникалық базасын күшейту, дамыту, қамтамасыз ету және жетілдіру, оқу бөлімдері мен зертханаларды жабдықтау бойынша шараларды дайындауға және жүзеге асыруға белсенді қатысады.

6.12. Университеттің құпиялық саясатын сақтау және жеке деректерін қорғау бойынша талаптарын орындайды.

6.13. Жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 13, 14 және 15-баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

6.14. Жұмыстан шығу немесе өзге лауазымға ауысу кезінде акт негізінде қағаз және электронды тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстағы өзі жауапты барлық мүлікті факультеттің материалды-жауапты тұлғаларына тапсырады, мүдделердің қақтығысына әкелуі мүмкін жеке қызығушылыққа жол бермейді.

6.15. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтардың талаптарын орындайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», мемлекеттік және аймақтық даму бағдарламалары; Болон үдерісінің құжаттары; Білім сапасын кепілдендірудің еуропалық стандарттары; Университет жарғысы, Академиялық саясат, Университеттің даму стратегиясы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ғылым мен білім беру жүйесінің қызмет ету және даму мәселелерін реттейтін өзге нормативтік құқықтық актілер.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 22 ден 44

Біліктілік талаптары: жоғары оқу орнынан кейінгі білім, жоғары білім, дәреженің, ғылыми атақтың болуы, білім беру мекемелеріндегі жетекші лауазымдарда немесе мамандығы бойынша кем дегенде 5 жыл еңбек өтілі. Шет тілін кем дегенде B2 деңгейінде білген тұлғаларға басымдық беріледі. Компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау дағдылары. Бағдарламалық құжаттарды және жобаларды, білім беру бағдарламаларын әзірлеу білігі. Фандрайзинг және коммерциализацияландыру дағдылары. Жүргізетін пәндерінің бағыты бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілікті арттыру сертификаттары.

7. Доцент-зерттеуші

Лауазымдық міндеттері:

7.1. Кафедрада ғылыми-зерттеу мектептерін қалыптастыру мен дамытуға қатысады, білім, ғылым және инновацияларды интеграциялау негізінде ғылыми зерттеу бағдарламаларын дайындайды және қолданысқа енгізеді.

7.2. Пәнаралық ғылыми мәселелерді зерттеуге және ғылыми зерттеулердің заманауи әдіснамалық дамуы мен өзекті ғылыми бағыттарды ескере отырып, ғылыми зерттеулердің бағдарламалары мен жобаларын дайындауға қатысады.

7.3. Университеттің бекітілген нормативтері мен Академиялық саясатына сәйкес, оқытатын пәні (пәндері) және немесе сабақтың жеке түрлері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмысты атқарады. Кадрларды құзіреттілік тұрғысынан дайындауды жүзеге асыру үшін білім алушылардың жеке қабілеттерін тіркеуді қамтамасыз етеді.

7.4. Кафедраның зерттеу бағыттары бойынша зерттеу қызметі аясында бюджеттен тыс қаржыларға қол жеткізу үшін гранттық тапсырыстардың басым бағыттарын айқындап, республикалық және халықаралық конкурстарға (XFTO, EO, Дүниежүзілік банк, АЭБХА, НАТО, Ньютон-аль-Фараби және SCIVAL FUNDING және өзге де халықаралық ұйымдар мен қорлар қаржыландыратын басқа да халықаралық; ғылыми жобалар) қатысу туралы бастама жасайды.

7.5. Университеттің, факультеттің (мектептің) академиялық саясаты мен ғылыми мамандарды дайындау стратегиясына сәйкес іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді; ғылыми зерттеу нәтижелерін әлемдік басылымдарға (Scopus базасындағы монографиялар, Scopus базасында индекстелетін халықаралық конференциялардың материалдарында (Proceedings) жариялап, талқылаудан өткізеді, ғылыми зерттеу нәтижеерін коммерцияландыруды қамтамасыз етеді.

7.6. Scopus деректері базасында индекстелетін және процентильді 50-ден кем емес және/немесе Web of Science базасына енгізілетінін екінші квартильден кем емес (Q2) журналдарда ҚазҰУ-ды (Al-Farabi Kazakh National Univerisity) міндетті түрде аффилиация ретінде көрсете отырып, ғылыми

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 23 ден 44

зерттеулердің нәтижелерінің жариялануын қамтамасыз етеді (жаратылыстану-техникалық бағыттағы факультеттер үшін жылына кем дегенде 2 мақала, әлеуметтік - гуманитарлық бағыттағы факультеттер үшін кем дегенде 1 мақала). Әл-Фараби ҚазҰУ Хабаршыларының серияларында басып шығару үшін ағылшын тілінде мақала (жылына кем дегенде 2 мақала) дайындауды қамтамасыз етеді.

7.7. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін оқу үдерісіне интеграциялауды ұйымдастырады, оқу пәндерінің мазмұндық контентін пәнаралық және заманауи әдіснама негізінде ғылым мен технологияның, өндірістің заманауи жетістіктеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді. Білім беру бағарламаларының базалық пәндері бойынша инновациялық оқулықтар дайындайды.

7.8. Ғылыми зерттеулерінің бағыты бойынша Университеттің халықаралық ғылыми өкілі ретінде танылады, ғылыми сараптамалар жасайды, аймақтық және халықаралық деңгейдегі коллаборация арқылы зерттеу жобаларын дайындауға қатысады және кәсіби қауымдастықтардың мүшесі болып табылады.

7.9. Кафедраның білім беру қызметін ескере отырып, оқыту бағыттарына сәйкес кәсіби даму және зерттеуді қамтамасыз етеді және инновациялық стратегиялар, оқыту формалары мен әдістері, оқу пәндері және оқыту бағдарламалары бойынша нәтижелерді бағалауды енгізеді.

7.10. Кафедраның (мектептің), Университеттің білім беру бағдарламаларының оқу пәндері бойынша оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар дайындауға қатысады.

7.11. Бекітілген нормативтер мен Университеттің Академиялық саясатына сәйкес, білім алушылардың бітіру жұмыстарына ғылыми жетекшілік етеді және педагогикалық қызметті (сабақ жүргізу, практикаға жетекшілік ету және т.б.) жүзеге асырады.

7.12. Республикалық бюджеттен немесе халықаралық ұйымдармен қаржыландырылатын 24 айдан ұзақ мерзімдегі кем дегенде 1 ғылыми жобаны жетекші немесе орындаушы ретінде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

7.13. Университеттің құпиялық саясатын сақтау және жеке деректерін қорғау бойынша талаптарын орындайды.

7.14. Жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 13, 14 және 15-баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

7.15. Жұмыстан шығу немесе өзге лауазымға ауысу кезінде акт негізінде қағаз және электронды тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстағы өзі жауапты барлық мүлікті факультеттің материалды-жауапты тұлғаларына тапсырады, мүдделердің қақтығысына әкелуі мүмкін жеке қызығушылыққа жол бермейді.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 24 ден 44

7.16.Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтардың талаптарын орындайды.

Білу тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», Университет жарғысы мен ғылым мен білім беру жүйесінің қызмет ету және даму мәселелерін реттейтін өзге нормативтік құқықтық актілер.

Біліктілік талаптары: ғылым кандидаты дәрежесі немесе Phd докторы, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет саласында кем дегенде 5 жыл еңбек өтілі, Хирш индексі (жаратылыстану-техникалық бағыттағы ғалымдар үшін өз-өзін цитаталауды ескермегенде 4 және одан жоғары, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғалымдар үшін өз-өзін цитаталауды ескермегенде 2 және одан жоғары); Scopus және (немесе) Web of Science деректер базасында индекстелетін халықаралық журналдардағы соңғы 5 (бес) жылдағы ғылыми жарияланымдарымен, ғылыми жобалармен және ғылыми кадрларды дайындау тәжірибесімен дәлелденетін белсенді зерттеу қызметінің өтілі. Шет тілін кем дегенде C1 деңгейінде білетін тұлғаларға басымдық беріледі.

8. Аға оқытушы

Лауазымдық міндеттері:

8.1. Факультеттің (мектептің) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын, жаңа оқу пәндерін, әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге қатысады; оқу материалының кәсіби бағытталуын қамтамасыз етеді.

8.2. Университеттің бекітілген нормативтері мен Академиялық саясатына сәйкес оқытылатын пән (бізге) және/немесе оқу сабақтарының жекелеген түрлері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асырады. Кадрларды құзыретті даярлауды іске асыру үшін білім алушылардың жеке қабілеттерін есепке алуды қамтамасыз етеді.

8.3. Факультеттің (мектептің), Университеттің академиялық саясатына және ғылыми мамандарды дайындау стратегиясына сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізуге қатысады.

8.4. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін дәйектеу индексі жоғары журналдарда жариялайды, Университеттің және факультеттің (мектептің) ғылыми семинарлары мен конференцияларын дайындау мен өткізу жұмыстарына қатысады.

8.5. Оқыту және зерттеу бағыттары бойынша кәсіби дамуды қамтамасыз етеді.

8.6. Факультеттің (мектептің) Университеттің білім беру

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 25 ден 44

бағдарламаларының оқу пәндері бойынша оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдар дайындауға қатысады.

8.7. Оқытылатын пәндер және білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелеріне бағдарланған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді.

8.8. Қоғамдық жұмысқа, білім алушылардың ғылыми-зерттеулерін ұйымдастыруға және мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру ісіне белсенді қатысады.

8.9. Білім беру бөлімшелері мен зертханалардың жабдықталуы, оқу процесін материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету, жетілдіру, дамыту және нығайту бағытындағы іс-шараларға белсенді түрде қатысады.

8.10. Сабақта зертханалық жұмыстарды мен практикалық тапсырмаларды орындау кезінде білім алушылардың техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауын және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтауын бақылайды

8.11. Университеттің құпиялық саясатын сақтау және деректерін қорғау бойынша талаптарын орындайды.

8.12. Жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 13, 14 және 15-баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

8.13. Жұмыстан шығу немесе өзге лауазымға ауысу кезінде акт негізінде қағаз және электронды тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстады өзі жауапты барлық мүлікті факультеттің материалды-жауапты тұлғаларына тапсырады, мүддерлердің қақтығысына әкелуі мүмкін және жеке қызығушылыққа жол бермейді.

8.14. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулыстардың талаптарын орындайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», Университет жарғысы, және ғылым мен білім беру жүйесінің қызмет ету және даму мәселелерін реттейтін өзге нормативтік құқықтық актілер.

Біліктілік талаптары: ғылым кандидаты немесе PhD философия докторы ғылыми дәрежесінің болуы (2022 жылғы 14 мамырдағы өзгерістер, № 5 хаттама), ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 3 жыл, оның ішінде оқытушы лауазымында кемінде бір жыл жұмыс өтілі

немесе мамандығы бойынша практикалық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл. Оқу пәндері бойынша, сондай-ақ өз саласында жұмыс істеу үшін зерттеу әдістері туралы білімнің жеткілікті көлемі мен тереңдігі.

Соңғы 5 жылда оқытылатын пәндер бейініне сәйкес біліктілікті арттыру

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 26 ден 44

сертификаттары. Шет тілін В2-ден төмен емес деңгейде білгені дұрыс.

9. Оқытушы

Лауазымдық міндеттері:

9.1. Университеттің бекітілген нормативтері мен Академиялық саясатына сәйкес, оқытатын пәні (бізге) және/немесе сабақтың жеке түрлері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмысты атқарады. Кадрларды құзыреттілік тұрғысынан дайындауды жүзеге асыру үшін білім алушылардың жеке қабілеттерін тіркеуді қамтамасыз етеді.

9.2. Профессордың, доценттің немесе аға оқытушының жетекшілігімен оқу пәні және оның индикаторлары бойынша оқыту нәтижелері негізінде семинар/практикалық сабақтарды әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлейді.

9.3. Факультеттің (мектептің), Университеттің академиялық саясатына және ғылыми мамандарды дайындау стратегиясына сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізуге қатысады.

9.4. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоғары индексі журналдарда жариялайды және факультеттің (мектептің) және университеттің ғылыми зерттеулерді дайындау конференцияларын жүргізуге қатысады.

9.5. Оқыту және зерттеу бағыттары бойынша кәсіби дамуды қамтамасыз етеді.

9.6. Білім алушыларды оқу, ғылыми әдебиеттермен, оқу құралдарымен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады, өз бетімен тәжірибе жүргізуге және алынған нәтижені топтастыруға үйретеді.

9.7. Университет бекіткен талаптарғағ нормаларға сәйкес практикаға бағытталған оқытуды жүзеге асырады.

9.8. Қоғамдық жұмысқа, білім алушылардың ғылыми-зерттеулерін ұйымдастыруға және мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру ісіне белсенді түрде қатысады.

9.9. Сабақта зертханалық жұмыстарды мен практикалық тапсырмаларды орындау кезінде білім алушылардың техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауын және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтауын бақылайды.

9.10. Кафедраның ғылыми бағыты аясында ұйымдастырылатын семинарларға, жиналыстар мен конференцияларға (соның ішінде халықаралық) қатысады.

9.11 Университеттің құпиялық саясатын сақтау және деректерін қорғау бойынша талаптарын орындайды.

9.12 Жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 13, 14 және 15-баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

9.13 Жұмыстан шығу немесе өзге лауазымға ауысу кезінде акт негізінде қағаз және электронды тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстады өзі жауапты барлық мүлікті

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 27 ден 44

факультеттің материалды-жауапты тұлғаларына тапсырады, мүддерлердің қақтығысына әкелуі мүмкні және жеке қызығушылыққа жол бермейді.

9.14 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтардың талаптарын орындайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», Университет жарғысы, және ғылым мен білім беру жүйесінің қызмет ету және даму мәселелерін реттейтін өзге нормативтік құқықтық актілер.

Біліктілік талаптары: жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары білім мамандық бойынша кем дегенде 3 жыл еңбек өтілі және/немесе магистр дәрежесінің болуы.

Оқу пәндері, сонымен қатар өз саласындағы зерттеу жүргізу әдістері бойынша жеткілікті көлемдегі терең білімінің болуы.

Жүргізетін пәндерінің бағыты бойынша соңғы 3 жылдағы біліктілікті арттыру сертификаттары. Шет тілін кем дегенде B2 деңгейінде білген тұлғаларға басымдық беріледі.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 28 ден 44

2 – қосымша

II. ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМДАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ

10. Ғылыми-зерттеу институтының директоры

Лауазымдық міндеттері:

10.1. Ғылым мен техниканың белгілі саласында жаңа нәтижелер алу мақсатында стратегиялық жоспарлауды, тиімді қызметті ұйымдастыруды және ғылыми, ғылыми-техникалық және өндірістік-шарушылық қызметті әкімшілік тұрғыда басқаруды жүзеге асырады.

10.2. Институттың ғылыми, ғылыми-техникалық және өндірістік қызметінің бағыттарын анықтайды, жұмыстардың болашаққа негізделген және жылдық жоспарын дайындайды әрі бекітеді.

10.3. Институттың даму бағыты бойынша ғылыми-зерттеу мектептерін қалыптастырады және дамытады. Нақты ғылыми/зерттеу саласының стратегиялық жоспарын дайындайды және зерттеу топтары немесе салалық ғылыми зерттеу зертханаларының қызметін үйлестіреді.

10.4. Институттың зерттеу бағыттары бойынша зерттеу қызметі аясында бюджеттен тыс қаржыларға қол жеткізу үшін гранттық тапсырыстардың басым бағыттарын айқындайды.

10.5. Ғылыми қызметкерлердің Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуы үшін басым маңыздылыққа ие жобаларды жүзеге асыруына ықпал етеді және ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

10.6. Әлемдік деңгейдегі нәтижелерге және елді ғылыми-техникалық дамытуға бағытталған іргелі, іргелі-қолданбалы және мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың конкурсын өткізуге қатысады.

10.7. Ғылыми және ғылыми-техникалық инновациялық қызметті, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын және нормативтік құқықтық базаны дамытуға бағытталған жобаларға қатысады.

10.8. Ғылыми-инновациялық ортаны қалыптастыру мақсатында отандық және шетелдік ұйымдармен стратегиялық ынтымақтастықты дамытады. Гранттық тапсырыстарды жобалауда стейкхолдерлердің қатысуын қамтамасыз етеді және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қазақстандық және халықаралық серіктестерді іздестіру бойынша шаралар қолданады.

10.9. Институттың кадрлық, зерттеушілік және ұйымдастырушылық әлеуетін қалыптастырады. Институттың ғылыми қызметкерлерінің халықаралық және кәсіби қауымдастықтармен интеграциялануына ықпал етеді. Қызметкерлердің, ғылыми мамандардың тиісті мамандық бойынша

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 29 ден 44

докторантура, магистратура, ғылыми тәлімгерлік, тәжірибе алмасу арқылы жүйелі түрде біліктілігін арттыруын қамтамасыз етеді.

10.10. Маркетингілік зерттеулер жүргізу ісін ұйымластырады. Жаңа технологиялар мен жобаларды, жаңалықтың авторлық құқығы және ұйымның өзге зияткерлік меншігі мәселелерін құқықтық қорғауды қамтамасыз ете отырып, идеялары мен жетістіктерін тарату бойынша шара қолданады.

10.11. Қазақстандық ғылымның әлемдік ғылыми-ақпараттық кеңістікке интеграциялануы, ғылыми-техникалық және білім беру кеңістігі саласындағы елдермен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту бойынша шаралар қолданады, заманауи ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланады және дамытады.

10.12. Университеттің құпиялық саясатын сақтау жеке деректерін қорғау бойынша талаптарын сақтайды.

10.13. Жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде өкілеттілікті пайдалануға әкелуі мүмкін әрекеттер мен функцияларға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 13, 14, және 15-баптарында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қары шектеулерді қабылдайды.

10.14. Жұмыстан шығу немесе өзге лауазымға ауысу кезінде акт негізінде қағаз және электронды тасымалдаушыларда барлық ақпаратты және құжаттаманы екінші тұлғаға береді, қолданыстағы өзі жауапты барлық мүлікті факультеттің материалды-жауапты тұлғаларына тапсырады, мүдделердің қақтығысына әкелуі мүмкін жеке қызығушылыққа жол бермейді.

10.15. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтардың талаптарын орындайды.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының заңдары: «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», Университет жарғысы және білім беру мен ғылымның дамуына қатысты мәселелерді реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер; Университеттің корпоративтік мәдениет Кодексі.

Біліктілік талаптары: жоғары оқу орнынан кейінгі, жоғары білім, дәреженің, ғылыми атақтың болуы, білім беру мекемелеріндегі жетекші лауазымдарда немесе мамандығы бойынша кем дегенде 5 жыл еңбек өтілі. Шет тілін кем дегенде B2 деңгейінде білген тұлғаларға басымдық беріледі. Компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау дағдылары. Бағдарламалық құжаттарды және жобаларды, білім беру бағдарламаларын әзірлеу білігі. Франдайзинг және коммерциализация дағдылары. Аналитикалық қабілет деңгейінің жоғарғы болуы, ұлттық деңгейдегі тәуелсіз сарапшы ретінде танылуы. Айрықша зерттеу нәтижелерінің жоғар сыныпты журналдарында жариялануы. Ұжымда сенімгерлік және тиімді іскерлік қатынастарды орнықтыру мүмкіндігінің болуы.

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 30 ден 44

11. Институт директорының ғылыми жұмыс бойынша орынбасары

Лауазымдық міндеттері:

11.1. Ұйымының ғылыми, ғылыми-техникалық және ұйымдастырушылық қызметін қамтамасыз етеді, іргелі және қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелердің орындалуын ұйымдастырады.

11.2. Бірлескен зерттеулер жүргізу, қосымша қаржы жұмылдыру үшін отандық және шетелдік серіктестерді іздеу бастамаларын көтереді, конкурстар мен тендерлерге қатысу үшін жобалық ұсыныстар дайындайды.

11.3. Маркетингілік зерттеулер жүргізу ісін ұйымдастырады, жаңа технологиялар мен жобаларды, жаңалықтың авторлық құқығы және ұйымның өзге зияткерлік меншігі мәселелерін құқықтық қорғауды қамтамасыз ете отырып, идеялары мен жетістіктерін тарату бойынша шара қолданады.

11.4. Қол астындағы құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді, олардың қызметінде отандық және шетелдік ғылым мен техника жетістіктерін, патенттік және ғылыми-ақпараттық материалдарды, есептеу және ұйымдастыру техникасын және жұмысты орындаудың озық әдістерін қолдануды, дайындалатын жобалардың техникалық тапсырмаларға, стандарттарға және өзге нормативтерге сәйкестілігін, сонымен қатар техникалық құжаттаманы қосымша орындаушыларға, тапсырыс берушілерге және мердігер ұйымдарға таныстыруды қамтамасыз етеді.

11.5. Мәселе (бағыт) бойынша біріктірілген ғылыми-техникалық есептерді құруды, орындалған жұмыс туралы ғылыми-техникалық ақпаратты және есептерді статистика орындарына ұсынуды, зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижесі болып табылатын ғылыми еңбектерді басып шығаруды және оларды рецензиялау жұмысын ұйымдастырады, зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін тәжірибелік тексеру бойынша қызметке, сыртқы ұйымдармен жұмысты орындау бойынша келісімшарттар жасауға, өзге ұйымдарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету ісіне басшылық етеді; ұйымның құрылымдық бөлімшелерін қажетті жабдықпен және материалдармен қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады.

11.6. Қызметкерлердің шығармашылық бастамаларын дамытуға көмектеседі, дұрыс ұсыныстар мен әзірлемелерді енгізу, өнертабысқа авторлық куәлік, патент және лицензия алу үшін қажетті құжаттарды және өтініштерді бекітілген тәртіпте ресімдеу бойынша жұмысқа, оқу немесе ғылыми-техникалық (техникалық) кеңестің секцияларының біріне жетекшілік етеді, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды; ғылыми кадрларды дайындау және біліктіліктерін арттыру бойынша жұмысты жүргізеді.

11.7. Институттың ғылыми-техникалық және шаруашылық қызметінің негізгі мәселелерін шешуге, жоспарда бекітілген жұмысты орындалуын қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыруға, зерттеу мен жобалаудың мерзімі

«Әл-Фараби ат.ҚазҰУ»КеАҚ	Күні	Басылым: бірінші
әл-фараби атындағы қазҰУ оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми қызметкерлерін конкурс негізінде қабылдау Ережесі	ҚазҰУ Е	Беті 31 ден 44

мен бағасын азайтуға, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің тиімділігін арттыруға, ғылым мен техниканың жетістіктерін эконмикалық қызмет түрлерінде пайдалануды тездетуге, әр қызметкердің берілген тапсырманы орындауға қатысты жауапкершілігін және ұжымының жұмыс нәтижелерін арттыруға, еңбекті ұйымдастыру мен басқару ісін жетілдіруге, ұйымның қызметін дамытуға қатысады.

11.8. Университеттің құпиялық саясатын сақтау және жеке деректерін қорғау бойынша талаптарын орындайды.

